

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеумен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуі бойынша

САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ

р/с №	Нормативтік құқықтық актінің құрылымы	Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы баптарының редакциясы	Ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар	Негіздеме
1	2	3	4	5
1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім)				
1.	1-бап 1-тармақ б) тармақша сегізінші абзац (Кодекстің 18-тарауы 8-параграфының жаңа 338-6-бабының 2-тармағы)	«2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар шартта көзделген мерзімде басталмаған немесе қамтамасыз етілген міндеттеме тоқтатылған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, қамтамасыз ету ақысы қайтарылуға жатады.»	«қамтамасыз ету ақысы» деген сөздерден кейін « бұрын қамтамасыз ету ақысын берген тұлғаның меншігіне » деген сөздермен толықтырылсын.	Қайтару кезінде қамтамасыз ету ақысы ақшалай міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету үшін оны бұрын берген тұлғаның меншігіне қайтарылатыны туралы ережені бекіту мақсатында.
2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім)				
2.	1-бап 2-тармақ 8) тармақша үшінші абзац (Кодекстің 839-бабының 8-тармағы)	«8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтандыру омбудсманының шешімімен келіспеген жағдайда сотқа шағым жасалуы мүмкін.»»	Мынадай редакцияда жазылсын: «8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда	«Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 86-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес сақтандыру омбудсманы жеке тұлғалар және (немесе) шағын кәсіпкерлік субъектілері сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) ретінде әрекет ететін келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асырады. Өзге заңды тұлғалар сақтандыру омбудсманына көлік құралдары

			<p>Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және шарттарда сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;</p>	<p>иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы (түрі) бойынша ғана жүгіне алады. Бұдан басқа, «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 86-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес осы тармақтың екінші бөлігінде аталған тұлғалардың келіспеушіліктері бойынша талаптардың сомасы <u>айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.</u></p> <p>Осылайша, заңды тұлғалардың қатысуымен болатын даулардың едәуір бөлігі, сондай-ақ он мың АЕК-тен асатын даулар сақтандыру омбудсманының құзыретінен тыс қалады. Демек, мұндай даулар бойынша сақтандыру омбудсманының ешқандай шешімі болмайды, онымен келіспеген жағдайда тиісті тұлғалар сотқа жүгіне алған болар еді. Яғни, заң жобасына сәйкес олар бастапқыда өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау құқығында шектелетін болады (<i>ҚР Конституциясы 13-бабының 2-тармағы</i>).</p> <p>Сондай-ақ, АПК-нің 8-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес, егер істердің белгілі бір санаты үшін дауды сотқа дейін реттеу тәртібі заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, сотқа жүгіну осы тәртіп сақталғаннан кейін мүмкін болады.</p> <p>Яғни, азаматтық процестік заңнама дауды шешудің сотқа дейінгі тәртібін белгілеу кезінде осы тәртіптің сақталуын жалғыз міндетті шарт деп айқындайды. Демек, құқықтық нәтижесіне және осындай сотқа дейінгі реттеу жөніндегі шешіміне қарамастан, тараптар сотқа жүгінуге құқылы.</p>
--	--	--	---	---

13. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы				
3.	1-бап 13-тармақ 4) тармақша алтыншы абзац (Заңның 14-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы)	«орындалуы тұлғаның қоғам акцияларын иелену кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің (тұлға қоғам акцияларына ие болған күнге дейінгі он екі айдан астам) өткен кезендеріне қатысты (бұл норма қоғамға өтініш жасалған күнге дейінгі он екі айдан кейін мерзімде қоғам акционерлері болған тұлғаларға қолданылады) ақпаратты қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы айқындаған немесе қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;»;	Алып тасталсын.	Заң жобасында акционерлердің қоғамның қызметі туралы ақпарат алу жөніндегі құқықтары регламенттеледі. Бұл ретте өтініш берілген күнге дейінгі он екі айдан ерте емес мерзімде қоғамның акционерлері болған тұлғалар қоғам акцияларын сатып алған күнге дейінгі он екі айдан аспайтын кезең үшін ақпарат алуға құқылы болады, ал өзге акционерлердің өтініш берілген күнге дейін 3 жылға дейінгі кезең үшін ақпарат алуға құқығы болады. Сондықтан барлық акционерлер үшін тең жағдай жасау мақсатында өтініш берілетін күнге дейінгі он екі айдан ерте емес мерзімде қоғамның акционерлері болған тұлғалар үшін шектеулерді алып тастау ұсынылады.
18. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы				
4.	1-бап 18-тармақ 13) тармақша сегізінші және оныншы абзацтар	«5) көлік оқиғасы туралы құжаттар мен мәліметтерді ресімдеуді көлік оқиғасына қатысушылар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде	«(немесе)» деген сөз алып тасталсын.	Заң жобасында сақтандыру жағдайын реттеудің жеңілдетілген сипаты көзделген. Бұл ретте көлік оқиғасына қатысушыларға сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесі және (немесе) дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі

	<p>(Заңның жаңа 22-2-бабы)</p>	<p>айқындалған тәртіппен, сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесін және (немесе) дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, декларация жасау арқылы жүзеге асырса, сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі туралы декларация (бұдан әрі – декларация) жасау арқылы көлік оқиғасын оңайлатылған ресімдеуді өздері келіскен шарттармен жүзеге асыруға құқылы.»</p> <p>«Егер көлік оқиғасына қатысушылар декларацияға қоса берген фотоматериалдар көлік оқиғасына қатысқан көлік құралының маркасын, моделін, сәйкестендіру нөмірін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, сондай-ақ зиян келтіру мән-жайларын, көлік оқиғасы салдарынан көлік құралдарының көрінетін бүлінуінің сипаты мен тізбесін айқындауға</p>		<p>арқылы декларацияны ресімдеу жөніндегі талап белгіленеді.</p> <p>Көлік оқиғасына қатысушылардың іс-қимылын регламенттеудің екіжақтылығын болдырмау және нақтылау мақсатында сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесі және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы декларацияны міндетті ресімдеу тәртібін көздеу ұсынылады.</p>
--	---------------------------------------	---	--	--

		<p>мүмкіндік бермеген жағдайда, сақтандырушы көлік оқиғасына қатысушылардан сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесін және (немесе) дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып не басқа да қолжетімді тәсілмен фотоматериалдарды қайта жіберуді сұратуға құқылы.»</p>		
<p>20. «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы</p>				
5.	<p>1-бап 20-тармақ 2) тармақша жаңа екінші және үшінші абзацтар</p> <p>(Заңның жаңа 6-5-бабы)</p>	Жоқ	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:</p> <p>«3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3) қаржы ұйымдарына және өзге тұлғаларға оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын, қадағалаушылық ден қою</p>	<p>«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» ҚР Заңының қолданыстағы редакциясында уәкілетті органның Басқармасы қаржылық және өзге де ұйымдарға шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібін айқындайды. Осылайша, жеке тұлғалар болып табылатын қаржы нарығына қатысушыларға (эмитенттер, инвесторлар) қатысты ықпал ету және қадағалаушылық ден қою шараларын қолдану тәртібі көзделмеген.</p> <p>Бұл түзету қаржы нарығын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау саласында жеке тұлғалар болып табылатын эмитенттерді, инвесторларды тарту үшін қажет.</p>

			шараларын қолдану тәртібін айқындайды;»»».	
33. «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» 2013 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы				
6.	1-бап 33-тармақ жаңа 8) тармақша (Заңның 14-бабы)	Жоқ	Мынадай мазмұндағы жаңа 8) тармақшамен толықтырылсын: «8) 14-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «2) егер күнтізбелік үш жыл ішінде салымшы оқудан шығарылған білім беру ұйымына қайта қабылданбаса не басқа білім беру ұйымына оқуға түспесе, салымшы білім беру ұйымынан шығарылған күнінен бастап осы үш жыл өткен соң;»». <i>Кейінгі тармақшалардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i>	«Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» ҚР Заңының қолданыстағы редакциясында салымшы білім беру ұйымынан шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш жыл өткен соң банктік салым шеңберінде есептелген мемлекет сыйлықақысын қайтаратыны туралы норма қамтылған. Бұл түзету сақтандыру шарты шеңберінде МБЖЖ бойынша есептелген сыйлықақыны банктік салым шеңберінде қолданыстағы нормалармен қайтару бойынша нормаларды сәйкестендіру үшін ұсынылады.

7.	<p>2-бап 1-тармақ 5) тармақша және 6-тармақ</p>	<p>«5) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 2-тармағының 8) тармақшасын, 11-тармағының 14) тармақшасын, 18) тармақшасының бесінші абзацын, 19) тармақшасының оныншы және он бірінші абзацтарын, 34) тармақшасының төртінші және алтыншы абзацтарын, 67) тармақшасының он бірінші, жиырма бірінші және отыз төртінші абзацтарын, 74) тармақшасын, 75) тармақшасының жетінші абзацын, 15-тармағының 2) тармақшасын, 16-тармағының 2) тармақшасын, 17-тармағының 4) тармақшасын, 18-тармағы 1) тармақшасының екінші, үшінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он жетінші және он сегізінші абзацтарын, 4) тармақшасының алтыншы</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «5) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 2-тармағының 8) тармақшасын, 11-тармағының 14) тармақшасын, 18) тармақшасының бесінші абзацын, 19) тармақшасының оныншы және он бірінші абзацтарын, 34) тармақшасының төртінші және алтыншы абзацтарын, 67) тармақшасының он бірінші, жиырма бірінші және отыз төртінші абзацтарын, 74) тармақшасын, 75) тармақшасының жетінші абзацын, 15-тармағының 2) тармақшасын, 16-тармағының 2) тармақшасын, 17-тармағының 4) тармақшасын, 18-тармағы 1) тармақшасының екінші, үшінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он жетінші және он сегізінші абзацтарын,</p>	<p>Заң техникасы</p> <p>«Көлік құралдары иелерінің азаматтық- құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңында «сақтандыру омбудсманы» ұғымын регламенттейтін норма түзетулер енгізілетін сақтандыру жөніндегі басқа салалық заңдардағыдай ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде жалпы тәртіппен күшіне енуі қажет.</p>
----	---	---	---	---

		<p>абзацын, 5) тармақшасын, 10) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын,</p> <p>13) тармақшасын, 17) тармақшасының үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 20-тармағы</p> <p>2) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 21-тармағының</p> <p>2) тармақшасын, 24-тармағының</p> <p>2) тармақшасын, 26-тармағының</p> <p>3) тармақшасын, 34-тармағы</p> <p>6) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын,</p> <p>11) тармақшасының оныншы, он бірінші және он екінші абзацтарын,</p> <p>12) тармақшасының сегізінші және он төртінші абзацтарын,</p> <p>13) тармақшасын;»</p> <p>....</p> <p>«6. Осы Заңның 1-бабының 34-тармағы</p> <p>11) тармақшасының отыз сегізінші және отыз тоғызыншы абзацтарының және 12) тармақшасының</p>	<p>4) тармақшасының алтыншы абзацын, 5) тармақшасын, 10) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын,</p> <p>13) тармақшасын, 17) тармақшасының үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 20-тармағы</p> <p>2) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 21-тармағының</p> <p>2) тармақшасын, 24-тармағының</p> <p>2) тармақшасын, 26-тармағының</p> <p>3) тармақшасын, 34-тармағы</p> <p>7) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын,</p> <p>12) тармақшасының оныншы, он бірінші және он екінші абзацтарын,</p> <p>13) тармақшасының сегізінші және он төртінші абзацтарын,</p> <p>14) тармақшасын;»</p> <p>«6. Осы Заңның 1-бабының 34-тармағы</p> <p>12) тармақшасының отыз сегізінші және отыз тоғызыншы абзацтарының</p>	<p>Заң техникасы</p>
--	--	--	---	----------------------

		<p>он жетінші абзацының қолданысы осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға да қолданылады.»</p>	<p>және 13) тармақшасының он жетінші абзацының қолданысы осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға да қолданылады.».</p>	<p>Заң техникасы</p>
--	--	---	---	----------------------

Комитет төрағасы



С. Трұмов